

Сабақ тақырыбы	Акробатикалық жаттығуларда қолданатын ойындар	
Сабақ мақсаттары	3.1.5.1 - кеңістікте қозғалыс әрекеттерін орындау және анықтау.	
Құндылықтарды дарыту	Оқу-үйренуге жауапкершілікпен қарау	
Пәнаралық байланыстар	Ана тілі, математика	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы Оқушы назарын аудару	Бой сергіту жаттығулары. Біреуден сапқа тұру. Сапта әдеттегі адыммен, оң және сол бүйірмен қосымша адыммен жүру. Орташа қарқынмен жүгіру, тізелерді жоғары көтеріп жүгіру. Жүгіруден кейін тынысты қалыпқа келтіру. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде санамақ айтуды ұсынады.	Жаттығулар көрсетілімі немесе видео материалдар.
Сабақтың ортасы	Оқушылар үйренген акробатика элементтерін қолдана отырып, жұппен немесе шағын топтарда дайындық жаттығуларын құрастырып көрсетеді(отырған қалыптан алға-артқа қайтадан отырған қалыпқа келгенше аударылу; кеудеде жатып, шалқая қолды алға созып, жанына аударылу; тізеде тұрып жанына аударылу; бір тізеде тұрып жанына аударылу; отырған қалыптан алға домалау қайтадан отырған қалыпқа келгенше; арқада жатқан қалыптан, жауырынға тұру). Акробатикалық жаттығулар: - Алға домалау. Қолды тіреп, артқа итеріое, тізені кеудеге қысып артқа айналып аяққа тұру; - Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Қарлығаш бейнесіне тұру; - Гимнастикалық бөрене үстінде денемізді тік бірқалыпты ұстап жүру; - Артқа домалап, жауырынға тұру; Интернетке сілтеме: https://youtu.be/bE6sqQzE5RE	Үлкен, бос кеңістік, ойын алаңы, бор, ысқырық.